

ALTYN SARIN
INSTITUTY

Торғай өңіріндегі жалғыз жоғары оқу орны болып отырған – Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты іргетасының қаланғанына 12 сәуірде 50 жыл толды. Өзінің қалыптасу жолында күрделі де, үлкен белестерден өткен институт Қазақстанның ғылымы мен білімінің қарқынды дамуына сүбелі үлесін қосуда.

1970 жылдардың басында Торғай жұртшылығын қуанышқа бөлеген екі айтулы оқиға болса, соның бірі сол кездегі облыс орталығы болып тұрған Арқалық қаласында жоғары оқу орны ретінде педагогикалық институттың ашылуы болатын.

Бұл уақыт облыстың ауылдық, аудандық жерлері үлкейіп, жаңа кезңарлар қалыптасып жатқан кезең еді. Тыңайған жерлерді игерген сайып жылда сегіз жылдық және орта мектептер ашылып, олардың саны жылдан жылға көбейе бастады. Соған орай мұғалімдерге деген мұқтаждық да арта түсті. Қостанай облысындағы жоғары білімді мұғалім мамандарына деген күннен-күнге арта түскен мұқтаждықты Қостанай қаласындағы, облысқа жақын орналасқан Көкшетау, Ақтөбе, тіпті сол кездегі астаналық ҚазПИ мен Қыздар педагогикалық институттары да өтей алмады.

Осыған байланысты 1972 жылдың басында Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Талдықорған облысына арнап жоспарға енгізілген педагогикалық институтты Арқалыққа ауыстыру туралы шешім қабылдады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1972 жылдың 12 сәуіріндегі №220 қаулысына сәйкес, Арқалық қаласында педагогикалық жоғары оқу орны ашылды. Осы уақыттан бастап институт ғимараты тұрғызыла бастады. Нәтижесінде 1972 жылдың 10 тамызына қарай институт ғимараты В.И.Ленин көшесінің (қазіргі Ш.Жәнібек көшесі №91) бойында дайын болды.

1972 жылдың 7 маусымында

Қазақ КСР Білім беру министрлігі 1972–1973 оқу жылына 19 адамға институттың штаттық кестесін бекітті. Алғашқы бұйрыққа 19 профессор-оқытушы, оның ішінде 3 ғылым кандидаты және қосымша шаруашылық, есептеу, кітапхана қызметкерлері енді.

Арқалық қаласында 1972 жылы алғаш ЖОО ашылуы, облыстың мәдени және қоғамдық өміріндегі маңызды оқиға болып қана қойған жоқ, бұл халықтық білім беру ісі мен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланыстылығына деген қажеттілікті қамтамасыз ету болып табылды.

Институт құрылысы дайын болғанымен, оны керекті материалдық-техникалық құралдармен, оқу-әдістемелік кітаптармен, білікті оқытушылармен жабдықтау алғашқы уақытта қиынға түскені рас. Бір жағынан Арқалықтың орталықтан шалғайда жатқаны әсер етсе, екінші жағынан үйренген жұмыс орнын тастап, басқа қалаға ауысу мамандарға да оңайға түскен жоқ.

Қағылған қазығынан өзге ештеңесі жоқ институт қызметкерлерін, оқытушы кадрлар іріктеу, олардың тұрғын үй мәселесін шешу, алғашқы студенттерді қабылдау мен олар үшін жататын орындар әзірлеу, кітапхана жұмысын, шаруашылық-қаржы мәселелерін жолға қою мындаған жылдар бойы түрлен тигенген тың жерлерді игеру процесімен тепе-тең болатын. Мұндай күрделі де жауапты мәселені ұқыптылықпен, әрі тез арада шешу – білікті, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшының ғана қолынан келетін іс. Ауқымды жұмыстарды азғантай уақыттың ішінде институттың алғашқы ректоры болып тағайындалған (1972–1979, 1989–1991 ж.ж.) техника ғылымдарының докторы, профессор Мырзағали Отарұлы Төлегенов толық атқарып шықты.

Кейінірек ректорлық қызметті техника ғылымдарының кандидаты, доцент Рахметолла Баһарұлы Баһаров (1979–1985 ж.ж.), тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Еңбек Ибрайұлы Ибраев (1985–1988 ж.ж.), химия ғылымдарының докторы, профессор Қосылған Күзембайұлы Күзембаев (1991–2004 ж.ж.), педагогика ғылымдарының докторы,

профессор Әспет Кеңесбекқызы Қағазбаева (2004–2007 ж.ж.), биология ғылымдарының докторы, профессор Жасұлан Құдайбергеліұлы Шаймарданов (2007–2011 ж.ж.) атқарды.

1972 жылдың 21 қазаны күні институтының салтанатты ашылу рәсімі болса, 19 қарашада институттың алғашқы бірінші курс студенттерін студенттер қатарына қабылдау күні үлкен мереке ретінде атап өтілді.

Институт типтік мектептің бір оқу корпусын иеленді, кейбір аудиториялар студенттер мен оқытушылардың жатақханасы ретінде бөлінді. Облыстық халық ағарту бөлімінің базистік дүкендерінен мебельдер, кейбір кабинет жабдықтары институтқа берілді.

Институт өз қызметін бір факультеттен, үш бөлімнен, төрт кафедралардан және құрамында үш мамандыққа қабылданған 300 студенті бар жұмыстан бастады. «Физика-математика» мамандығына 150 (қазақ және орыс топтарында), «Филология» мамандығына 50 студент, сырттай бөлімде «Математика» және «Орыс тілі және әдебиеті» мамандықтарына барлығы 100 студент қабылданды.

Институттың профессор-оқытушылар құрамының қалыптасуына, оқу-әдістемелік қорының, материалдық базасының күнестеуіне Абай атындағы Қазақ педагогикалық, Ақмола және Қостанай педагогикалық, сонымен қатар Алматы шет тілдері институттары баға жетпес көмек көрсетіп, үлкен үлес қосты.

1976 жылы институтты 179 алғашқы түлектер бітіріп шықты: олардың арасында 9 студент институтта алғашқы болып «Қызыл диплом» иегерлері атанды. «Физика» мамандығы бойынша қазақ бөлімінің студенті К.С.Оспанова номері №1 қызыл диплом иегері болды.

Институтқа сол кездегі Торғай облысының құрамына кіретін Октябрь, Державин, Қима, Есіл, Арқалық, Жақсы, Жангелдин, Аманкелді аудандарынан, сондай-ақ, Қостанай, Ақтөбе, Ақмола облыстарынан жүздеген жас жігіттер мен қыздар келіп, жоғары білім алатын болды және оқуға құжаттар тапсыратын талапкерлердің саны жылдан-жылға көбейіп отырды.

1976 жылы 20 қазанда ағар-

тушы-ғалымның туған күніне орай «Ы.Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық мұражайының» қоғамдық негізде салтанатты ашылуы өтті. Бұл – Қазақстандағы білім-ғылым бағытындағы алғашқы ғылыми-педагогикалық мұражай болатын. Ы.Алтынсарин мұраларын жинап, Торғай даласындағы оқу-ағарту ісінің тарихын зерттеу жұмыстарын жүргізген доцент Әсет Исламғалиұлы Ламашевтың еңбегін атап өткен жөн.

1977 ж. 7 шілдесіндегі Қазақстан Компартиясы ОК және Қазақстан Министрлер Кеңесінің №325 қаулысына сәйкес институтқа ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин есімі берілді.

1990-шы жылдары институттағы екі ауысымдық оқу жүйесі оқытушылар мен студенттерге қосымша ауыртпалық әкелді. Облыстағы бірден-бір жоғары білім беру орталығы – институттың ізденісі мен жетістіктеріне, қиыншылықтарына түсіністікпен қарап және оның келешекте халық шаруашылығы мен экономиканы нығайтудағы орнын терең болжай отырып, облыс әкімі Ж.Қосабаев 1995 жылы «Арна» зауытының корпусын (қазіргі Е.Әуелбеков көшесі №17) институтқа беру туралы шешім қабылдады. Бұл игілікті іске институт ұжымы мен студенттер қауымы үлкен ризашылық білдіріп, ұзақ жылдар бойы жинақталып қалған проблемаларды шешуге, оның материалдық-техникалық жағдайының жақсаруына елеулі ықпал ететіндігіне кәміл сенді.

Қала халқының қаладағы жалғыз жоғары оқу орнына деген сенімі, тіпті облыс екі рет жабылғанның өзінде, қай уақытта болмасын төмен түскен емес. Себебі, Арқалық маңындағы ғана емес, Торғай өңіріндегі ауыл мектептерінің көпшілігінде жоғары білімді мұғалімдер жетіспейтін. Сондықтан осындай олқылықтарды институт кадрлары осы уақытқа дейін шешіп келеді. Жалпы Торғай өңіріндегі мектеп мұғалімдерінің 87 пайызына жуығы АрқПИ-дың түлектері екендігі ақиқат.

Талай ауыр да қиын белестерден сүрінбей өткен институт ұжымы қазіргі таңда өз жұмысын алдыңғы буын ардагерлер салған сара жолды жалғастыра отырып, сәтті де абыройлы жү-

мыс атқаруда. Соңғы 5 жылда институт басшылығы 5 жаңа білім беру және 1 инновациялық білім бағдарламасын аша отырып, білім беру қызметтерінің ауқымын айтарлықтай кеңейтті. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Бас рейтингінің қорытындысы бойынша институт еліміздің 20 жоғары оқу орнының қатарына енді.

Осының нәтижесінде институттағы студенттер контингенті жыл сайын өсіп отыр. Бес жыл ішінде студенттер саны 1903-тен 2501 студентке дейін өсті.

Өзінің негізін 1 деканаттан, 5 кафедралардан, 3 мамандықтан, 17 оқытушы мен 2 ғылым кандидатынан бастаған институт қазіргі таңда 3 факультеттен, 30 мамандық иесін дайындайтын 2 оқу ғимараты мен 5 мамандандырылған залы бар спорттық-сауықтыру кешенінен, компьютерлік, мультимедиялық сыныптардан, интерактивтік дерістік аудиториялармен асқан, медпункті бар аймақтағы іргелі оқу орнына айналып отыр. Профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 112 бірлікті құрады, оның ішінде 1 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаттары, 4 PhD докторлары, 81 магистрлер болса, қызмет ету бөлімдерінде 142 адам жұмыс істейді.

Осы уақытқа дейін институтты бітірген түлектер саны 20 мыңнан асады, олардың арасында үздік белгімен бітіргендері – 915, ғылым докторлары – 5, ғылым кандидаттары мен PhD докторлар – 28, «Білім беру ісінің үздігі» атағын алғандар – 161-ден астам, «Ы.Алтынсарин» медалінің игерлері – 8, Оқу бөлімінің басшылары – 15, мектеп директорлары – 203-тен астам.

Институттың дәл қазіргі осындай қарқынды оқу-тәрбие үдерісі оны еліміздегі білім ордаларының алдыңғы қатарында болуына мүмкіндік беріп отыр.

Сол себептен білім мен ғылым жолында институттың бүтінгі шыққан биігі жасампаз білім ордасының мерейлі мерекесі деп білемін.

С. ҚУАНЫШБАЕВ,
«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы – Басқарма Төрағасы – Ректор.